

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Елін сүйген Елбасы.

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/86065/>

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Білім беру саласы: «Қатынас»

Мақсаты: Балаларға еліміздің Президентін, рәміздерімізді таныстыру. Өз Отанын, туған жерін сүйуге, қорғауға, сақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Үлестірмелі материал, суреттер.

Методикалық әдісі: Түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ — жауап, мадақтау

— Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Шаттық шеңбер:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

— Күз мезгілінен кейін қай мезгіл келетінін білесіңдер ме?

— Қыс мезгілі келеді екен.

Қыс мезгілінің ең алғашқы күні бізде үлкен мереке болады. Ол мереке біздің Елбасымыздың құрметіне арналады.

— 1 желтоқсан күнін Президент күні деп атайды. Сендер елбасымызды білесіңдер ме?

— Ал, балалар, көгілдір мына суретке назар аударайық.

— Балалар, бұл кім?

— Балалар, сендер қандай елде тұрасыңдар?

— Әр елдің өз басшысы болады. Ал біздің Елбасымыз тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамыз. Елбасымыз Нұрсұлтан қаласында тұрады. Мынау – Нұрсұлтан қаласы. Ал мынау балалар, елбасымыздың жұмыс жасайтын орны – Ақорда. Қазіргі таңда біздің елдің Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы.

— Балалар, әр елдің өз рәміздері, өз ана тілдері болады.

— Балалар, біз қай тілде сөйлейміз?

— Еліміздің рәміздерін мына суреттер арқылы қарап білейік.

— Балалар бұл біздің мемлекеттік – Гимніміз. Ал, мынау – Елтаңба. Елтаңбаның

ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ еліміздің біртұтастығын бейнелейді. Екі жағында қанатты тұлпар мәңгілік өмір, самғау биігі. Шекесінде 5 жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағы. «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіреді. Балалар туымыздың түсі – көк. Көк түс – адалдық пен тазалықтың, бейбітшіліктің белгісі. Тудың ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз, оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы – күндей жарқын болсын, дала бүркіті – дархандық пен қырағылықты бейнелеген. Оюдың бейнеленуі – қазақ екенімізді білдіреді. Түстерінің сары болуы – молшылықтың белгісі екен.

Балалар, дидактикалық ойын ойнайық. Ойын: «не жетіспейді?»

Ойын шарты: Балалар мынау не?

Тудың ортасында не жетіспей тұрғанын тауып көріп жабыстырайық.

Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа, жылдамдыққа үйрету.

— Балалар, біз нені жабыстырдық?

— Күннің түсі қандай?

— Күннің пішіні қандай?

— Тудың түсі қандай?

— Күнді

— Сары

— Домалақ

— Көк

Сергіту сәті: Өсеміз біз күліп-ойнап,

Он саусақтың саласындай,

Өсеміз біз күліп-ойнап,

Бір адамның баласындай.

— Елбасымыз кім?

— Қазіргі Президентіміз кім?

— Елбасымыздың жұмыс жасайтын орны қалай аталады?

— Біз қай елде тұрамыз?

— Біз бүгін не жабыстырдық?

— Жарайсыңдар, балалар!

Әрқашан еліміз тыныш, елбасшымыз аман, көк туымыз мәңгі желбірей берсін!

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Елбасын және елбасы күнін

Үйренуі керек: Рәміздерді құрметтеуді.